

KASE

АПТАЛЫҒЫ

15 – 19 Қазан,
2018

KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- ▲ АНОНС: Қазақстан қор биржасы 2018 жылдың 01 қарашасынан 14 желтоқсанына дейін акциялар нарығындағы жеке инвесторлардың арасында байқау [өткізеді](#).
- ▲ "KASE: тұлғалы тарих" Online жобасында Владислава Ли мен Шолпан Айнабаеваның сұхбаты [берілді](#).
- ▲ KASE 2018 жылдың үшінші тоқсанына және тоғыз айының жұмыс қорытындысы бойынша баспасөз хабарламасын [өткізді](#).


ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- ▲ "Қазмұнайгаз" Барлау Өндіру АҚ Қазақстан қор биржасында өзінің 194 697 артықшылықты акцияларын бір акцияға 12 800,00 теңгеден сатып [алды](#).
- ▲ Қазақстан қор биржасы 2018 жылдың 17 қазанынан 01 қарашасына дейін "Қазмұнайгаз" Барлау Өндіру АҚ (RDGZp) артықшылықты сатып алу бойынша арнайы мамандандырылған сауда-саттық [жүргізеді](#).
- ▲ Қазақстан қор биржасында "Еуразиялық банк" АҚ өтеу кірістілігі жылдық 12,00 % екі жылдық облигацияларын орналастыра отырып, 19,7 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ Kaspi.kz АҚ Қазақстан қор биржасында 18 қазанда бір акцияға 4 750,00 теңгеден 3,0 млн жай акцияларды сатып [алды](#).
- ▲ "ТНК "Казхром" АҚ (KZCR) 92 910 896 жай және (KZCRp) 9 783 436 артықшылықты акцияларын акционерлердің артықшылықты сатып алу құқығымен сатуды ескере отырып, акциясын орналастыруды көздеп [отыр](#).
- ▲ "Кселл" АҚ 2018 жылдың қаңтар-қыркүйек айларына қаржылық қызметі туралы [хабарлады](#).
- ▲ "КазТрансОйл" АҚ 2018 жылдың тоғыз айына өндірістік қызметінің қорытындысы туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Цеснабанк" АҚ акционерлері Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлады және 418,0 млн дана (TSBN) жарияланған жай акцияларының санын арттырғаны туралы шешім [қабылдады](#).
- ▲ 23 қазаннан бастап "Банк ЦентрКредит" еншілес ұйымы "BCC Invest" АҚ "Банк ЦентрКредит" АҚ облигациялары бойынша (CCBNb26) маркет-мейкер мәртебесі [берілген](#).
- ▲ "КазТрансОйл" АҚ қызмет түрлерін жүзеге асыруға рұқсат алғаны туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ еркін айналымға байланысты "Казкоммерцбанк" АҚ бағалы қағаздар нарығында банктік және басқа да операцияларды жүргізуге арналған лицензиясының тоқтатылғаны туралы [хабарлады](#).



KASE Индексі апта қорытындысын жасыл аймақта аяқтады. Апта қорытындысы бойынша өсім 0,97% құрады, индекс деңгейі 2 224,88 нүктеде қалды.

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



19.10.2018

Трендтер (%)

KASE Индексі	2 224,9	1,0	2,3
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Цена	Δ 7д	Δ 1м
Банк ВТБ (Россия)	0,2	4,8	0,0
Народный банк	107,0	4,5	10,7
KEGOC	1 544,0	4,0	4,8
Сбербанк (Россия)	1 050,7	2,9	3,4
КазТрансОйл	1 331,9	1,7	3,6
Казхтелерам (прив.)	12 600,0	0,8	-1,9
Kcell	1 688,7	0,0	2,8
Казхтелерам	29 000,0	-0,0	-5,8
РД КазМунайГаз (прив.)	12 600,0	-1,6	-0,7
Банк ЦентрКредит	250,2	-1,9	-0,4
БАСТ	39 500,0	-3,5	-8,1
Bank of America	10 333,3	-3,9	-4,6
KAZ Minerals	2 395,0	-4,7	-2,6
Газпром (Россия)	882,6	-5,5	6,8
Аэрофлот (Россия)	541,0	-6,2	-8,6

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

Үшінші апта қатарынан Халық банкінің үлестік құралдары апта қорытындысы бойынша 4,48% өсті. Акциялар өсімі мәміле көлемінің артуымен байланысты.

KEGOC үлестік құралдары апта қорытындысы бойынша 3,97% өсіп, 1 544,00 теңгені құрады. Соған қарағанда, компания акциялары KEGOC өзінің акционерлеріне жоғары дивиденд төлеуді жоспарлап отырғаны туралы жаңалықтың оң әсері болуы мүмкін. Сонымен, 2018 жылдың бірінші жартыжылдығына Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысына компанияның 80% таза табысын төлеуді ұсынды (20,9 млрд теңге). Сонымен, дивиденд көлемі бір жай акцияға 80,53 теңгені құрайды.

Kaz Minerals акцияларының біршама төмендеуі 4,66% түзетілді, 2 395,04 теңгені құрады.


Жұма күні Кселл қаржылық есептілігі жарияланды. Сонымен, мобильдік байланыс операторының таза табысы 2018 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 10,3% артты және 9,38 млрд теңгені құрады. Түсім 2,2% өсті, қызметтен кіріс 2,8% қысқарды. Апта қорытындысы бойынша Кселл акцияларының бағасы өзгерді, жұма күнгі мәмілелер бір акцияға 1 688,70 теңгені құрады.




Бір аптада бір күндік мерзіммен репо операцияларының кірістілігі жылдық кірістілігі 23 б.н. 8,26% дейін артты. Бір күндік валюталық своптар бойынша операцияларының кірістілігі жылдық 13 б.н. жылдық 7,85 % өсті.

15 қазаннан бастап Ұлттық Банктің қысқа мерзімдік ноттарын орналастыру бойынша аукциондар есептесуі T+2 жүйесі бойынша өткізіле бастады. Сонымен, бір аптада реттеуші биржадан тыс алғашқы жеті нот шығарылымы емес, онын орналастырды. Апталық ноттар аптаның басында бір уақытта T+0 және T+2 жүйесі бойынша орналастырылды. Апталық ноттардан басқа, айналым мерзімі 28, 91 күндік және жылдық құралдар орналастырылды. ҚР ҰБ бір аптада 1 792,3 млрд теңгеге ноттар орналастырды. Қысқа мерзімдік құралдарға жиынтық сұраным ұсынымнан 4% артты. Базалық мөлшерлеме 25 б.н. артқандықтан дүйсенбі күні ноттары бойынша кірістілігі жылдық 8,45 – 8,75 % дәлізінде болды.

Инфляция және пайыздық мөлшерлеме




Ұлттық Банктің ноттарды апталық орналастыруы



*АҚШ долларымен барлық валюталық своп операциялары бойынша орташа сараланған кірістілігі.

Тәуекелсіз қысық кірістілігі





Апта қорытындысы бойынша АҚШ доллары 3,60 теңгеге төмендеп, 366,43 теңгені құрады, ал сауда-саттықтың жиынтық көлемі 547,1 млн долларды құрады.

Аптаның бірінші жартысы ұлттық валюта үшін қолайлы болды. Теңгенің нығаюына рубльдің өсуі, сондай-ақ ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесінің 25.6.н.артуы ықпал етті. Бейсенбі және жұма күндері теңге өзінің жеңіп алған позициясынан бас тартты, ол доллардың ФРС отырысы хаттамасын жариялаған соң, әлемдік валютаға ұатысты нығаюымен байланысты болды. АҚШ-тан мұнай саласының мәлімттері жарияланған соң, түзетілген мұнайдың бағасы да қысым көрсетті.


Ресей валютасының бағасы апта қорытындысы бойынша 0,0342 теңгеден 5,5747 теңгеге дейін төмендеді. Бір аптада жалпы ауда-саттық көлемі 276,3 млн рубльге жетті.

Евро бағамы апта қорытындысы бойынша 8,85 теңгеге төмендеп, 420,50 теңгені құрады.

Юань бағамы апта қорытындысы бойынша 0,6584 теңгеге төмендеп, 52,92 теңгеде тоқтады. Осы аптада юаньмен мәміле 3,0 млн құрады.

Шет ел валюталарының бағамы динамикасы

Δ %, база (01.01.18)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2017, %
— GBPKZT	478,17	-2,6	-1,4	+6,6
— USDKZT	364,35	-2,1	-1,4	+9,6
— EURKZT	419,95	-2,3	-2,6	+5,5
— CNYKZT	52,52	-2,2	-2,4	+2,8
— RUBKZT	5,56	-0,4	+2,0	-3,6

Brent мұнай құны USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
S&P 500	2 767,78	0,0	-4,8	8,0	0,0
Dow Jones	25 444,34	0,4	-3,6	9,8	0,4
PTC	1 126,97	-1,3	-0,6	-1,0	-1,7
МММБ	2 285,53	0,0	0,0	10,3	-1,7
Hang Seng	25 561,40	-0,9	-6,7	-9,2	-0,9
SS CSI 300	3 134,95	-1,1	-5,4	-20,3	-1,0
Euro Stoxx 50	3 210,82	0,5	-4,7	-10,9	0,6
FTSEuroFirst	3 966,00	0,8	-3,9	-7,7	0,7
FTSE 100	7 049,80	0,8	-3,8	-6,3	0,8
KASE	2 224,88	1,0	2,3	9,7	

Шикізат нарығы

19.10.2018

Атауы	Бағасы	Тренд %	
		7к	1а
Мұнай	79,78	-0,8	0,5
	69,12	-3,1	-2,8
Табиғи газ	3,25	2,8	11,8
Мыс	277,80	-0,8	2,5
Темір	525,00	0,0	2,8
Алтын	1 226,49	0,8	1,9
Күміс	14,65	0,1	3,2
Астық	514,75	-0,5	-1,5

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
24.10 Жаңа тұрғын үй сату (қыркүйек)	USD	630K	629K
24.10 Шикі мұнай қоры	USD		6,490M
25.10 Депозит мөлшерлемесі	EUR	-0,40%	-0,40%
25.10 Сыйақы мөлшерлемесі бойынша шешім (қаз)	EUR	0,00%	0,00%
25.10 ЕОБ Баспасөз конференциясы	EUR		
26.10 Сыйақы мөлшерлемесі бойынша шешім (қаз)	RUB	7,50%	7,50%
26.10 ЖІӨ (кв / кв) (3 кв.)	USD	3,3%	4,2%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Жыл басына
Жылдық инфляция	6,1 %	01.10.18	7,1 %
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	30 028	01.10.18	30 745
Қаржы базасы, млрд KZT	6 183,7	01.10.18	5 538,7
Қаржы массасы, млрд KZT	19 780,0	01.09.18	19 456,0

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-тұрақты	10.09.18	BBB-тұрақты
	Вaa3 тұрақты	26.07.17	Вaa3 негативті
	BBB тұрақты	28.09.18	BBB тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: 8 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.